

Е. Халимарденов, Б. Бауыржанұлы 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Г. Ахашов, азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Экологиялық қауіпсіздік — жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қатерлерден қорғануының жай-күйі.

Экологиялық қауіпсіздік ол — халық қауіпсіздігінің маңызды бір бөлігі. Экологиялық қауіпсіздік бағытында мемлекеттік саясаттың мақсаты, ол табиғи жүйені қолданудың қорғалуы. Адам өмірдегі ең маңызды жағдайларды ескере отырып, табиғатқа зиян тигізбеу өндірісті дамытумен қатар ғылыми—техникалық зерттеулерді күшейту. Қазақстан Республикасы үшін экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен жағдайлары бүгінгі таңда маңызды орын алып тұр. Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен бірге жаңа экологиялық қауіпсіздік жүйелерін басқаруда бой көтеріп келеді. Дұрыс басқару қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттің саясатын уағыздап, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану үшін өте қажет. Өкінішке орай Қазақстанда көптеген жылдар бойы өндірісте табиғи шикізаттарды өндіргенде, қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару көп мөлшерде болды. Елімізде экологиялық қауіпсіздікті және тұрақты экономикалық дамуымызда қамтамасыз ету мақсатымен 2003 жылы 3 — желтоқсанда Президенттің жарлығымен Қазақстан Республикасы 2014-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік концепциясы жарияланды. Бұл концепция қабылданғаннан бастап көптеген маңызды өзгерістер болып жатыр. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтар негізі құрылды. Бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі құрылды. 1996 жылы Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжатта экологиялық қауіпсіздік қоршаған ортаға шамадан тыс антропогендік әсер ету салдарынан, сондай-ақ дүлей апаттардың, өнеркәсіптік кездейсоқ оқиғалар мен зардаптарынан жеке адамдардың, қоғам мен мемлекеттің қорғалу дәрежесі ретінде қарастырылады. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау саласындағы басты нормативті-құқықтық акт болып табылады. Бұл заң қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтайды, сонымен қатар ол экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, адамның шаруашылық және өзге қызметінің табиғи экологиялық жүйеге зиянды әсерінің алдын алуға биологиялық әртүрлікті сақтау мен табиғатты тиімді пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

Әрбір адам қоршаған ортаны ластамауға және табиғатты аялауы керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

Климаттың өзгеруі мен жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту.

Био әртүрлікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу.

Экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін азайту. Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту.

Қойылған міндеттерді шешуге:

ҚР заңдарын, табиғат пайдаланудың мемлекеттік экологиялық бақылаудың және экологиялық мониторингтің экономикалық тетіктерін жетілдіру және жүйеге келтіру.

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық үгіт—насихат және жұртшылықтың саласындағы ғылыми—зерттеу жұмыстарын дамыту. Экологиялық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде, тұрақты дамудың міндетті шарты болып табылады және табиғи жүйені сақтауға негіз және қоршаған ортаның тиісті санамен демейді. Адам мен оның табиғи өмір сүру ортасы өзара көптеген күрделі құбылыстармен байланысты және бір-біріне белсенді әсер етеді. Адамдардың қарқынды және одан әрі өсіп келе жатқан қызметі қоршаған ортада әртүрлі жиі жағымсыз өзгерістерге әкеледі, бұл өз алдына адамзат қоғамында жиі халықтың денсаулығының бұзылуынан көрінетін өзгерістерге септігін тигізеді. Бізді қоршаған табиғи ортаға тәуелді денсаулықтың бірнеше аспектілері бар. Денсаулық пен аурушандықтың экологиялық аспектілері патологияның экологиялық аспектілері алуан түрлі. Олар аутогенді, яғни адамдардың дұрыс қатынасының салдары және экзогенді—техногенді және табиғи болып бөлінеді. Ең қатерлі аурулардың бірі ісік болып табылады. Олардың пайда болу себебі толық анық емес, бірақ мамандар оларды экологияның және қоршаған ортаның канцерогендермен химиялық ластанумен байланыстырады. Денсаулық көрсеткіштерінің қоршаған ортаның ластануымен байланысы денсаулық жағдайын қалыптастырудағы ерекше рөл адам қызметінің техногенді аспектілеріне жатады. Қоршаған ортаны ластау үнемі әртүрлі аурулардың қауіпті көзі болған. Адамдар өздерінің тұтынуына және қолдануына қажет етілмеуіне қарамастан едәуір көп заттарды, материалдар мен нәрселерді тарта отырып, бұрыннан бастап өздерін шығындылар мен қалдықтармен қоршаған.

XXI ғасыр басына қарай био ортаның тағдыры адами құндылықтардың басымдылықтарына тәуелді екені анық болды. Қоршаған ортаның техногенді өзгерістері адам организмдерінің бейімделу мүмкіндіктеріне бірталай озып шығады. Едәуір маңызды өзгерістер атмосфералық ауада адам өмірінің негізгі ортасында болады. Адам үшін әсіресе ауаны уландырып ластау үлкен қауіп тудырады.

«Табиғат — тіршілік аясы, табиғат біздің қоршаған орта. Таза болса табиғат - аман болар адамзат. Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ», — дегенді ұмытпауымыз қажет!